

Кейбір бұйрықтарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу және кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2025 жылғы 20 наурыздағы № 116-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 20 наурызда № 35847 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.
2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.
3. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Электрондық және биржалық сауда департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.
5. Осы бұйрық 2025 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция
министрінің міндетін атқарушы*

А. Нусупов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи
ресурстар министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция
министрінің міндетін атқарушы
2025 жылғы 20 наурыздағы
№ 116-НҚ Бұйрықпен
бекітілген

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Тауар биржаларының электрондық сауда жүйесіне қойылатын міндетті талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 141 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10695 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тауар биржаларының электрондық сауда жүйесіне қойылатын міндетті талаптарда:

4-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) пайдаланушының есептік жазбасы – тауар биржасының электрондық сауда жүйесінде сақталатын тауар биржасының мүшесі туралы оны тану (аутентификаттау) және биржалық сауда-саттыққа қатысу және мәмілелер жасасу үшін қол жеткізуді ұсыну үшін қажетті деректер жиынтығы;"

5-тармақ мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) қаржылық мониторингті жүзеге асыратын және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі өзге де шараларды қабылдайтын уәкілетті органға нақты уақыт режимінде тауар биржасының электрондық сауда жүйесіне қашықтан қол жеткізу;"

мынадай мазмұндағы 9-4 тармақпен толықтырылсын:

"9-4. Пайдаланушының есептік жазбасын бұғаттау және биржалық тауарды сатуға (сатып алуға) өтінім беруді шектеу Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 280 бұйрығымен бекітілген Биржалық сауда қағидаларында көзделген негіздер бойынша тауар биржасының мүшесін аккредиттеу тоқтатыла тұрған жағдайда тауар биржасы жүзеге асырады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10993 болып тіркелген)."

2. "Биржалық тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 142 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10587 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Биржалық тауарлардың тізбесінде:
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 4-1-жолмен толықтырылсын:

"

4-1	Көміртек бірліктері	Көміртек бірліктері	көміртегі квотасының бірлігі****	2811 21 000 0		
			офсетінің бірлігі*****	2811 21 000 0		

";

мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"Ескертпе:

**** - тауар биржалары арқылы өткізілуге жататын көміртегі квоталарының көлемін Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 289-бабының 9-тармағына сәйкес квоталау субъектісі айқындайды.

***** - тауар биржалары арқылы өткізілуге жататын офсеттік бірліктердің көлемін жобаның өтініш берушісі Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 298-бабының 7-тармағына сәйкес айқындайды."

3. "Биржалық сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 280 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10993 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Биржалық сауда қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

1) ашылу бағасы – белгілі бір биржалық сауда-саттықта белгілі бір биржалық тауар (тауарлар тобы) бойынша жасалған алғашқы биржалық мәміленің бағасы;

2) базалық баға – биржалық сауда-саттық барысында биржалық тауарға белгіленетін, сауда сессиясы ішінде баға өзгерісінің ең төмен және ең жоғары деңгейін есептеу үшін қабылданатын баға;

3) биржалық сауда - биржалық сауда-саттықты электрондық нысанда жүргізу, мәмілелерді тіркеу және ресімдеу арқылы тауар биржасында жүзеге асырылатын биржалық тауарлар мен мерзімді келісімшарттарды сату (сатып алу) жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

4) биржалық брокер (бұдан әрі брокер) өз қызметін тауар биржасында жүзеге асыратын және клиенттің тапсырмасы бойынша, оның есебінен және мүддесі үшін биржалық тауармен мәмілелер жасайтын заңды тұлға;

5) биржалық дилер (бұдан әрі – дилер) - тауар биржасында өз қызметін жүзеге асыратын және биржалық тауармен өз мүдделері үшін және өз есебінен мәмілелер жасайтын кәсіпкерлік субъектісі;

6) биржалық қамтамасыз ету биржалық саудаға қатысушылар жасалатын биржалық мәмілелер бойынша өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету ретінде биржалық сауда-саттыққа қатысу үшін тауар биржасының клирингтік орталығына қайтарымды негізде енгізетін ақшалай қамтамасыз ету;

7) биржалық сауда – саттықтар-биржалық мәмілелер жасасу процесін автоматтандыруды қамтамасыз ететін тауар биржасының электрондық сауда жүйесіне берілген электрондық өтінімдер негізінде биржалық тауарлар бойынша мәмілелер жасауға бағытталған, биржалық сауда қағидалары шеңберінде жүргізілетін процесс;

8) биржалық саудаға қатысушылар – тауар биржасында биржалық сауданың белгіленген қағидалары бойынша өзара іс-қимыл жасайтын клиенттер, брокерлер, дилерлер және маркет-мейкерлер;

9) биржалық тауар – бірліктері барлық жағынан бірдей, ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас компоненттерден тұратын биржалық тауарлардың тізбесіне және (немесе) әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлардың тізбесіне енгізілген стандартталған біртекті тауар, бұл оларға әртүрлі өндірушілерден партиялардың толық бірін-бірі алмастыру қасиетіне ие функцияларды орындауға мүмкіндік береді;

10) биржалық тауарды сатуға (сатып алуға) өтінім – биржалық сауда-саттыққа қатысушының биржалық тауарды сату (сатып алу) туралы ұсынысы (офертасы) немесе осы қағидаларға сәйкес биржалық мәміле жасасу үшін қажетті барлық шарттарды қамтитын биржалық тауарды сатып алу (сату) туралы ұсынысты қабылдау туралы биржалық сауда-саттыққа қатысушының хабарламасы (акцепті);

11) биржалық алым – тауар биржасы биржалық саудаға қатысушылардан биржалық мәмілені тіркегені үшін алатын комиссия;

12) есеп айырысу ұйымы – екінші деңгейдегі банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, тауар биржасының клиринг орталығы биржалық сауда-саттықты жүргізу және (немесе) биржалық сауда-саттықта жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде өзара іс-қимыл жасау тәртібі туралы шарт жасасқан ұйым;

13) жеткізу базисі – тауарды жеткізу, тиісті құжаттарды ресімдеу, көлік шығыстарын төлеу жөніндегі міндеттерді сатушы мен сатып алушы арасында бөлуді көздейтін, сондай-ақ тауарға меншік құқығының сатушыдан сатып алушыға ауысу сәтін және тауардың кездейсоқ бүліну немесе жоғалу тәуекелін айқындайтын биржалық сауда құралының шарттары;

14) жабылу бағасы – белгілі бір биржалық сауда-саттықта белгілі бір биржалық тауар (тауарлар тобы) бойынша жасалған соңғы биржалық мәміленің бағасы;

15) клиент – биржалық тауармен мәмілелер жасау үшін брокердің көрсететін қызметтерін пайдаланатын жеке тұлға, оның ішінде дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға немесе заңды тұлға;

16) кросс-мәміле – брокер екі түрлі клиенттің тапсырмасы бойынша әрекет ете отырып, сатушы тарапынан да, сатып алушы тарапынан да әрекет ететін биржалық мәміле;

17) қосарланған қарсы аукцион режимі – биржалық мәмілелер сатушылар мен сатып алушылардың бәсекелестігі нәтижесінде жасырын жасалатын, ал биржалық тауардың бағасы сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігі деңгейінде белгіленетін сауда режимі;

18) маркет-мейкер – баға белгілеулерді қою және мерзімді келісімшарттарды сатып алу және сату жөніндегі міндеттемелерді қабылдау арқылы биржалық нарықтың өтімділігін қалыптастыратын және қолдайтын заңды тұлға;

19) мұнай өнімдері – мұнай өнімдерінің жекелеген түрлері: бензин, авиациялық және дизель отыны, жол битумы;

20) мұнай өнімдерін беру жоспары – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Қазақстан Республикасында өндірілетін мұнай өнімдеріне ай сайынғы қажеттіліктерінің көлемі;

21) опциондық мәміле – объектісі опцион болып табылатын биржалық мәміле;

22) орташа өлшемді баға – нақты биржалық тауар үшін белгілі бір уақыт кезеңі ішінде (сауда сессиясы, сауда күні, сауда айы) биржалық сауда-саттықтың қорытындылары бойынша қалыптасқан, тиісті кезеңнің нақты кезеңінің ақша айналымы арасындағы арақатынасты есептеу арқылы алынатын баға;

23) спот-тауар – тез арада жеткізілетін немесе болашақта жеткізілетін қоймадағы тауар;

24) сауда лоты - биржалық тауарды сатуға (сатып алуға) арналған өтінімде көрсетілген биржалық тауардың саны еселенген болуға тиіс биржалық тауардың саны;

25) сауда күні – тауар биржасы биржалық сауда-саттықты өткізетін жұмыс күні;

26) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) – сауда қызметі саласындағы мемлекеттік реттеуді және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

27) сауда режимі – тауар биржасының сауда жүйесінде өтінімдер жариялау және мәмілелер жасасу шарттарының жиынтығы;

28) сауда-саттық сессиясы – биржалық саудаға қатысушылар тауар биржасының сауда жүйесіне биржалық тауарды сатып алуға (сатуға) өтінімдер қоятын және олар бойынша биржалық мәмілелер жасалатын сауда-саттық күнінің уақыт кезеңі;

29) тауар биржасының мүшелері – тауар биржасы аккредиттеген брокерлер, сондай-ақ дилерлер мен маркет-мейкерлер;

30) тауар биржасы – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, тауар биржасының электрондық сауда жүйесін пайдалана отырып, сауда-саттықты тікелей өткізу арқылы оларды ұйымдастырушылық және техникалық камтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

31) үміткер – тауар биржасының мүшесі ретінде тауар биржасында аккредиттеу рәсімінен өтуді қалайтын брокер, дилер, маркет-мейкер;

32) фьючерстік мәміле – объектісі фьючерс болып табылатын биржалық мәміле;

33) форвард мәмілесі – объектісі форвард болып табылатын биржалық мәміле.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Тауар биржасы мынадай жағдайларда тауар биржасындағы аккредиттеудің күшін жою туралы шешім қабылдайды:

1) тауар биржасында аккредиттелген күннен бастап қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде дилердің, маркет-мейкердің қызметі жүзеге асырылмаған;

2) тауар биржасында брокер, дилер, маркет-мейкер қызметін жүзеге асыруды ерікті түрде тоқтату туралы шешім қабылдау;

3) лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған, брокер лицензиясынан айырылған (қайтарып алынған).";

3-тарау алып тасталсын;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Маркет-мейкерлер қызметінің шарттары мен шектеулері";

34 және 35-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Маркет-мейкердің қызметі базалық активі биржалық тауарлар болып табылатын мерзімді келісімшарттармен биржалық сауда-саттықта ғана жүзеге асырылады.

35. Маркет-мейкер биржалық сауда-саттыққа қатысады және биржалық сауда-саттықтың бағаларын, сұранысын, ұсынысын немесе көлемін қолдауды жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 35-1) тармақпен толықтырылсын:

"35-1. Маркет-мейкердің биржалық сауда-саттыққа дилер ретінде кемінде үш жыл үздіксіз қатысу тәжірибесі бар.";

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлардың тізбесіне енгізілген тауарлар бойынша биржалық сауда-саттық жүргізу шарттары (биржалық саудаға қатысушыларға қойылатын талаптар, бір сауда сессиясындағы сауда лотының ең жоғары және ең төменгі мөлшері, баға өтінімдерінің диапазоны, өткізілетін тауардың көлемі, биржалық тауарға ақы төлеу және оны жеткізу (тиеп жөнелту) фактілерін растайтын құжаттардың болуы)";

44, 45 және 46-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Тауар биржасында әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген тауарлар бойынша биржалық сауда-саттық жүргізу шарттары осы Қағидаларда тауарларды секцияларға бөлу және әрбір секцияға жеке талаптар қою жолымен айқындалады.

45. Секциялар бойынша талаптар:

- 1) бір сауда сессиясында сауда лотының ең жоғары және ең төменгі мөлшері;
- 2) тиісті тауардың биржалық саудасына қатысушыларға қойылатын талаптар;
- 3) тиісті биржалық тауармен биржалық сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар;
- 4) баға өтінімдерінің диапазоны;
- 5) өткізілетін тауардың көлемі, биржалық тауарға ақы төлеу және жеткізу (тиеп жөнелту) фактілерін растайтын құжаттардың болуы.

46. Әрбір секция бойынша қойылатын талаптар үшін осы саладағы уәкілетті мемлекеттік орган жауапты болады. Тауар биржасы өзі сауда-саттықты жүзеге асыратын секцияларға қойылатын талаптарға сәйкестігі үшін жауапты болады.

Тауар биржалары арқылы міндетті түрде өткізуге жататын биржалық тауарлармен сауда-саттық мониторингін мемлекеттік басқарудың тиісті салаларында (бағыттарында) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жүргізеді.";

7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-тарау. Биржалық сауда-саттықты жүргізу тәртібі";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Биржалық сауда-саттық қосарланған қарсы аукцион режимінде өткізіледі.";

50-тармақ алынып тасталсын;

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Қосарланған қарсы аукцион режимінде биржалық сауда-саттыққа жіберілген әрбір биржалық тауарға тауар биржасы осы тауарды, оның сапалық сипаттамаларын, сондай-ақ жеткізудің базалық шарттарын сәйкестендіретін сауда құралының жеке кодын береді.";

52-тармақ алынып тасталсын;

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"53. Биржалық сауда-саттық мөлшері осы Қағидалардың 13-тарауында айқындалатын биржалық қамтамасыз етуді алдын ала енгізе отырып жүргізіледі.";

54-тармақ алынып тасталсын;

61, 62, 63, 64 және 65-тармақтар алып тасталсын;

66-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) биржалық мәміле жасалатын биржалық тауарға бағаны сатып алушылардың, сатушылардың ұсыныстарына бәсекелесу процесінде қалыптастыру және оны сатып алушы үшін ең жақсы баға ретінде (сатушылардан ең төмен баға) немесе сатушы үшін ең жақсы баға ретінде (сатып алушылардан ең жоғары баға) айқындау;"

67 және 68-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"67. Тауар биржаларына биржалық тауарлар мен әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлар тізбесіне енгізілмеген тауарлармен биржалық сауда-саттықты ұйымдастыруға жол берілмейді.

Әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлармен биржалық сауда-саттықты Заңның 6-бабы 1-тармағының екінші бөлігіне сәйкес конкурс негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тауар биржалары жүзеге асырады.

68. Қосарланған қарсы аукцион режимінде биржалық сауда-саттыққа қатысатын брокер онда бір және одан да көп клиенттерді ұсынады.

Бұл ретте брокер бір мезгілде сатушы мен сатып алушының мүдделерін ұсынбайды."
";

81-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осындай технологияларды пайдалана отырып жасалған мәмілелер жарамсыз деп танылады және тауар биржасы оларды жоюға тиіс.";

82-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"82. Өтінімдерді жинаудың, оларды тауар биржасының электрондық сауда жүйесіне енгізуге және жіберуге дайындаудың, сондай-ақ тауар биржасы мүшелері тарапынан оны пайдалана отырып жасалатын барлық іс-әрекеттерді бақылауды қамтамасыз ететін режимде жұмыс істейтін сауда жүйесінен ақпарат алудың және өндеудің автоматтандырылған бағдарламалық-техникалық құралдары міндетті түрде тауар биржасының шешімімен сертификатталады.

Сауда-саттыққа қатысушылар тауар биржасы сертификаттамаған осындай бағдарламалық-техникалық құралдарды пайдалана отырып жасасқан мәмілелер жарамсыз деп танылады және тауар биржасы оларды жоюға тиіс.

Тауар биржасы жойған мәмілелер бойынша биржалық тауарлар келесі және (немесе) қосымша сауда сессиясы шеңберінде сауда-саттыққа қайта қойылады.";

83 тармақ алып тасталсын;

88 және 89 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"88. Мерзімді келісімшарттармен биржалық сауда-саттықты ұйымдастыруды және өткізуді регламенттейтін тауар биржасының ішкі құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

89. Биржалық сауда-саттықтың мәні ретінде пайдаланылатын мерзімді келісімшарттардың стандартты талаптары олардың тауар биржасы бекітетін ерекшеліктерімен айқындалады.";

95 және 96-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"95. Биржалық сауда-саттыққа қатысу үшін биржалық қамтамасыз етудің мөлшерін тауар биржасы осы Қағидаларға сәйкес биржалық қамтамасыз етудің мөлшері көзделген секцияларды қоспағанда, секцияның түріне қарай сауда-саттыққа қатысушы жоспарлаған биржалық мәміле сомасына проценттік қатынаста белгілейді және 3 проценттен аспайды.

Биржалық саудаға қатысушы 30 күнтізбелік күн ішінде биржалық мәміле бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, ол енгізген биржалық қамтамасыз етуді тауар биржасының клирингтік орталығы зардап шеккен тараптың пайдасына 5 жұмыс күні ішінде аударуға тиіс.

96. Биржалық саудаға қатысушы биржалық мәміле бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, ол енгізген биржалық қамтамасыз етуді тауар биржасының клирингтік орталығы зардап шеккен тараптың пайдасына 5 жұмыс күні ішінде аударуға тиіс.";

14 тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"14 тарау. Биржалық және биржадан тыс мәмілелерді есепке алу және тіркеу тәртібі";

14-тараудың 1-параграфының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Параграф 1. Биржадан тыс мәмілелерді тіркеу";

116 және 117-тармақтар алып тасталсын;

119 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"119. Тауар биржасының дилерлері үшін оларды қаржылық тұрақты деп тану жөніндегі талаптар сауда-саттыққа қатысушыларды және оларға қойылатын талаптарды жіктеу жолымен сауданың тиісті сауда секцияларында тауар биржасы айқындайтын мөлшерде белгіленеді.

Тауар биржасының мүшесі, егер ол тауар биржасында айқындалатын мөлшерде жарғылық және (немесе) меншікті капиталдың болуы жөніндегі талаптарға сәйкес келсе, брокер ретінде қаржылық орнықты деп танылады.";

120, 121 және 122-тармақтар алып тасталсын;

131-тармақтың 5) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"5) биржалық сауда-саттыққа жіберілген тауардың ерекшелігі және жеткізу шартының стандартты нысаны;

6) биржалық сауда-саттыққа жіберілген тауарлардың сауда құралының кодтарын беру тәртібі";

136 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"136. Әрбір сауда күнінің қорытындысы бойынша тауар биржасы келесі жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің интернет-ресурсының арнайы бөлімінде мынадай мәліметтерді қамтитын биржалық сауда-саттықтың нәтижелері туралы ақпаратты орналастырады:

биржалық тауарлар бойынша:

сатып алушының атауы;

сатушының атауы;

сауда-саттықты өткізу күні;

тауардың атауы немесе коды;

жасалған мәмілелер саны;

сауда-саттықты ашу және жабу бағасы;
мәмілелердің ең жоғары және ең төменгі және орташа өлшенген бағасы;
жеткізу шарттары;
сауда сессиясындағы барлық мәмілелер бойынша жалпы айналым.

Тауар биржасында жасалған мәмілелер туралы мәліметтер жалпыға қолжетімді болып табылады.";

21 және 22 тараулар алып тасталсын;

184 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"184. Биржалық сауда-саттық осы Қағидалардың 70, 71, 72, 73 және 74-тармақтарында көзделген тәртіппен қосарланған қарсы аукцион режимінде өткізіледі.";

188 және 189-тармақтар алып тасталсын;

190 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"190. Мұнай өнімдерінің биржалық саудасының қатысушылары тауар биржасында дилерлер ретінде аккредиттелген немесе аккредиттелген брокерлер арқылы әрекет ететін сатушылар мен сатып алушылар болып табылады.

Мұнай өнімдерінің биржалық саудасына қатысушыларға мыналар жатады:

1) мұнай өнімдерін сатушылар-мұнай өнімдерін өндірушілер және жеткізу жоспарына енгізілген мұнай берушілер, оның ішінде:

жол битумын сатушылар-өздеріне меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутек шикізатын қайта өңдеу процесінде өндірілген битум өндірушілер және битумның меншік иелері;

2) мұнай өнімдерін сатып алушылар-мұнай өнімдерін көтерме жеткізушілер, мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізушілер және түпкілікті тұтынушылар, оның ішінде:

авиациялық отынды сатып алушылар - авиакомпаниялар (түпкілікті тұтынушылар) және авиациялық отынды бөлшек сатушылар.

жол битумын сатып алушылар - битумды сақтау үшін тиісті инфрақұрылымы бар автомобиль жолдарын салу және жөндеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ автомобиль жолдарын салу және жөндеу саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органнан берілген ақпарат негізінде тауар биржасында биржалық сауда-саттыққа жіберілген битумды сақтау үшін тиісті инфрақұрылымы бар тұлғалар. Жол битумын сатып алушылардың тізбесі автомобиль жолдарын салу және жөндеу саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.";

201-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"201. Биржалық қамтамасыз ету мөлшері мәмілелердің болжамды сомасының 15 проценттен аспайды.";

202-тармақ алып тасталсын;

212 және 213-тармақтар алып тасталсын;

223-тармақ алып тасталсын;

228-тармақ алып тасталсын;

237-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"237. Биржалық қамтамасыз ету мөлшері болжамды мәміленің 3 проценттен аспайды.";

247-тармақ алып тасталсын;

265-тармақ алып тасталсын;

27-тарау алып тасталсын;

312-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"312. Биржалық қамтамасыз ету мөлшері болжамды мәміленің 5 проценттен аспайды.";

313-тармақ алып тасталсын.

4. "Тауар биржалары мәмілелері бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру қағидаларын және Тауар биржасы клирингтік орталығының аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 729 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12605 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тауар биржалары мәмілелері бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру қағидаларында:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) ақша қаражатын есепке алудың клирингтік тіркелімі - тауар биржасы мүшелерінің ақша қаражаты қозғалысының есебін жүргізу үшін клирингтік ұйым пайдаланатын электрондық дерекқор;"

2-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тауар биржасының клирингтік орталығы бір немесе бірнеше тауар биржаларына, электрондық сауда алаңдарына, сондай-ақ биржадан тыс мәмілелерге клирингтік қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

Тауар биржасына бірнеше клирингтік орталықтардың клирингтік қызмет көрсетуіне жол берілмейді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Биржалық мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру үшін тауар биржасы клирингтік ұйыммен клирингтік қызмет көрсету туралы шарт жасасады.

Бірнеше клирингтік орталықтардың тауар биржасына клирингтік қызмет көрсетуіне жол берілмейді.";

мынадай мазмұндағы 7-1 және 7-2-тармақтармен толықтырылсын:

"7-1. Осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген шарт жасалғаннан кейін биржалық сауда-саттықта жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысулар ақша қаражатын есепке алудың клирингтік тіркелімінде ескеріледі.

Тауар биржасы мүшесінің ақшалай қаражаты есеп айырысу ұйымындағы клирингтік орталықтың ағымдағы шотына ақшалай қаражатты енгізу туралы растайтын құжаттарды ұсына отырып, тауар биржасы мүшесі тауар биржасының клирингтік орталығына жүгінген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмей ақша қаражатын есепке алудың клирингтік тіркеліміне енгізіледі.

Бұл ретте тауар биржасының мүшесін биржалық қамтамасыз етуді қайтаруды тауар биржасының клирингтік орталығы биржалық қамтамасыз етуді қайтаруға өтініш берілген кезден бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

Тауар биржасының клирингтік орталығы, зардап шеккен тараптың пайдасына кінәлі тараптың биржалық қамтамасыз ету сомасын аудару жағдайларын қоспағанда, тауар биржасының мүшелері биржалық қамтамасыз ету ретінде енгізген ақшалай қаражатқа билік етпейді.

7-2. Биржалық мәмілелерге клирингтік қызмет көрсету үшін тауар биржасының клирингтік орталығы биржалық сауда-саттықтың әрбір қатысушысына биржалық қамтамасыз етуді және биржалық мәміле бойынша тауарға ақы төлеу үшін енгізілген ақшаны есепке алу бойынша бөлек тіркелімдері бар сауда шоттарын ашады.

Биржалық сауда-саттыққа қатысушылардың ақшасы тауар биржасының клиринг орталығының жеке банктік шотында сақталуға жатады.

Тауар биржасының клирингтік орталығы брокер мен оның клиенттері ақшасының бөлек есебін жүргізеді.

Тауар биржасының клирингтік орталығы әрбір жасалған мәміле бойынша оқшауланған биржалық қамтамасыз етудің есебін жүргізеді.";

14-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тауар биржасы мүшесінің клирингтік есепке алу тіркелімдерінде ескерілетін ақша мен өзге де міндеттемелердің сомалары туралы, оның ішінде тауар биржасы мүшесінің берешегі туралы;"

мынадай мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

"14-1. Тауар биржасының клирингтік орталығы осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген тауар биржасының мүшесі туралы ақпаратты тікелей тауар биржасының мүшесіне оның жазбаша сұрау салуы негізінде ұсынуды қамтамасыз етеді. Осы ақпаратты ұсыну мерзімі сұрау салуды алған кезден бастап үш жұмыс күнінен аспайды."

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тауар биржасының клирингтік орталығының аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын талаптарда:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Биржалық саудаға қатысушылардың биржалық сауда-саттыққа олар енгізген биржалық қамтамасыз етудің мөлшеріне байланысты рұқсат беруін

автоматтандырылған бақылауды қоса алғанда, клирингтік қызметті жүзеге асыру үшін клирингтік орталықтың қарамағында клиринг процесін автоматтандыруды қамтамасыз ететін аппараттық-бағдарламалық кешені болады.";

4-тармақта:

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) мынадай операцияларды автоматты түрде орындау:

тауар биржасы мүшесінің қаражатын бөлек есепке алу;

тауар биржасы қатысушысының биржалық қамтамасыз ету қаражатын бұғаттау және биржалық мәмілелерді жасау нәтижелері бойынша бұғаттау алып тастау;

тауар биржасы мүшелерінің бос қаражаты болған жағдайда саудаға жіберу (өтінімдер мен мәмілелер бойынша өз міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде бұғатталмаған);

биржалық қамтамасыз етуді есепке алу;"

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, қорғалған байланыс арналары арқылы клиенттерге, есеп айырысу ұйымдарына, тауар биржасына және монополияға қарсы органға ақпарат беру;"

6-тармақтың 1) тармақшасының үшінші және жетінші абзацы алып тасталсын;"

5. "Тауар биржаларының қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2019 жылғы 3 қыркүйектегі № 31 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19342 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауар биржаларының, брокерлердің және тауар биржалары клирингтік орталықтарының қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған тауар биржаларының, брокерлердің және тауар биржалары клирингтік орталықтарының қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген тауар биржаларының қызметіне қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтардың осы тізбесіне қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір бұйрықтардың
тізбесіне қосымша
Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция

Тауар биржаларының, брокерлердің және тауар биржалары клирингтік орталықтарының қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі

№ р/с	Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:	Біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар
тауар биржаларының қызметіне		
1	"тауар биржасы" акционерлік қоғамы" атауын және қоғамның атауын қамтитын тауар биржасының фирмалық атауының болуын	осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес тауар биржасының атауы туралы анық ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны
2	биржалық мәмілелерді жасасу, сондай-ақ ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және ашу процесін автоматтандыруды қамтамасыз ететін және "Тауар биржаларының электрондық сауда жүйесіне қойылатын міндетті талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 141 бұйрығымен белгіленген талаптарға сәйкес келетін тауар биржасының электрондық сауда жүйесі. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10695 болып тіркелген)	осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес тауар биржасының электрондық сауда жүйесі туралы анық ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны
3	бірегей желілік мекенжайы және (немесе) домендік атауы бар және арнайы бөлімдер (тауар биржасының аккредиттелген мүшелерінің тізбесі; биржалық сауда-саттықтың нәтижелері; биржалық тауарлардың баға белгіленімі; уәкілетті органға ұсынылатын) және тауар биржасының мемлекеттік және орыс тілдерінде (мәтіндік, графикалық, дыбыс-бейне немесе өзге де түрде) ақпарат орналастыруын қамтамасыз ететін есептік ақпарат	осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес интернет-ресурс туралы шынайы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны
4	тауар биржалары саласында клирингтік қызметпен айналысу құқығына лицензиясы бар тауар	осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес клирингтік орталық туралы шынайы

	биржасының клирингтік орталығымен жасалған шарт	ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны
5	кемінде екі миллиард теңге мөлшерінде жарғылық капиталдың болуы, бұл ретте кемінде бір миллиард теңге ақшамен енгізілуі тиіс	осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес тауар биржасының жарғылық капиталы туралы анық ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны
6	білім беру деңгейіне сәйкес келетін тауар биржасы қызметкерлерінің білікті құрамының болуын қамтиды (бірінші басшы үшін - жоғары білім, басшы лауазымдарды атқармайтын қызметкерлер үшін - жоғары және (немесе) орта білімнен кейінгі білім) және практикалық қызмет тәжірибесіне (бірінші басшы үшін - биржалық қызмет саласындағы жұмыс өтілі және (немесе) қаржы ұйымдарында кемінде үш жыл) және экономикалық қызмет және сыбайлас жемқорлық қылмыстар саласында қылмыс жасағаны үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауы (бірінші басшы үшін)	осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес тауар биржасының бірінші басшысы мен қызметкерлерінің білімі және жұмыс өтілі туралы шынайы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны. www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталында соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама алу.
7	тауар биржасы бекіткен (қабылдаған), тауар биржасына қатысушылар қызметінің шарттары мен тәртібін, тауар биржасының, оның органдарының, құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын, көрсетілетін қызметтерді көрсетуді, оларға ақы төлеу тәртібі мен мөлшерін, тауар биржасындағы коммерциялық құпияны, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес тұрақты жұмыс істейтін биржалық төрелікті реттейтін ішкі құжаттары	осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес тауар биржасының бекітілген ішкі құжаттары туралы анық ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны
брокерлердің қызметіне		
8	брокер қызметкерлерінің білім беру деңгейіне сәйкес келетін білікті құрамының болуын қамтиды (бірінші басшы үшін - жоғары білім, басшы лауазымдарды атқармайтын қызметкерлер үшін - жоғары және (немесе) орта білімнен кейінгі білім) және практикалық қызмет тәжірибесіне (бірінші басшы үшін	осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес брокердің бірінші басшысы мен қызметкерлерінің білімі және

	<p>- биржалық қызмет саласындағы жұмыс өтілі және (немесе) қаржы ұйымдарында кемінде үш жыл) және экономикалық қызмет және сыбайлас жемқорлық қылмыстар саласында қылмыс жасағаны үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауы (бірінші басшы үшін)</p>	<p>жұмыс өтілі туралы шынайы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны. www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталында соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама алу.</p>
9	<p>брокердің брокерлік қызметтер көрсету шарттарын және тауар биржасындағы брокер қызметінің тәртібін, брокердің, оның органдарының, құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын, көрсетілетін қызметтерді көрсетуді, оларға ақы төлеу тәртібі мен мөлшерін, тауар биржасындағы коммерциялық құпияны, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі стандарттарды реттейтін ішкі құжаттары</p>	<p>осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес брокердің бекітілген ішкі құжаттары туралы шынайы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны</p>
<p>тауар биржалары клирингтік орталықтарының қызметіне</p>		
10	<p>клирингтік қызмет процесін автоматтандыруды қамтамасыз ететін және "Тауар биржалары мәмілелері бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру қағидаларын және тауар биржасының клирингтік орталығының аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 729 бұйрығымен белгіленген талаптарға сәйкес келетін аппараттық-бағдарламалық кешен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12605 болып тіркелген)</p>	<p>осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес клиринг орталығының аппараттық-бағдарламалық кешені туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны</p>
	<p>клиринг орталығы қызметкерлерінің білім беру деңгейіне сәйкес келетін білікті құрамы (бірінші басшы үшін - жоғары білім, басшы лауазымдарды атқармайтын қызметкерлер үшін - жоғары және (немесе) орта білімнен кейінгі</p>	<p>осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес клиринг орталығының бірінші басшысы мен қызметкерлерінің білімі және жұмыс өтілі туралы шынайы</p>

11	білім) және практикалық қызмет тәжірибесіне (бірінші басшы үшін - биржалық қызмет саласындағы жұмыс өтілі және (немесе) қаржы ұйымдарында кемінде үш жыл) және экономикалық қызмет және сыбайлас жемқорлық қылмыстар саласында қылмыс жасағаны үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауы (бірінші басшы үшін)	ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны. www.egov.kz. "Электрондық үкімет" веб-порталында соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама алу
12	уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес клирингтік қызмет көрсету шарттарын, тауар биржасындағы клирингтік орталық қызметінің тәртібін, клирингтік орталықтың, оның органдарының, құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын, көрсетілетін қызметтерді көрсетуді, оларға ақы төлеу тәртібі мен мөлшерін, тауар биржасындағы коммерциялық құпияны реттейтін клирингтік орталықтың ішкі құжаттарын	осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес клиринг орталығының бекітілген ішкі құжаттары туралы шынайы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны
13	бірегей желілік мекенжайы және (немесе) домендік атауы бар және Интернетте жұмыс істейтін клиринг орталықтың жеке интернет-ресурсы	осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес интернет-ресурс туралы шынайы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны
14	екінші деңгейдегі банкпен немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен биржалық сауда-саттықта жасалған мәмілелер бойынша биржалық сауда-саттықты өткізу және (немесе) есеп айырысуды жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-қимыл тәртібі туралы шарт	осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банкпен немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен жасалған шартта анық ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны

Тауар биржаларының, брокерлердің және тауар биржалары клирингтік орталықтарының қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне
1-қосымша

Тауар биржаларының қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны

1. Тауар биржасының фирмалық атауының болуы:

заңды тұлғаның толық атауы _____.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 141 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10695 болып тіркелген) бекітілген Тауар биржаларының электрондық сауда жүйесіне қойылатын міндетті талаптарға сәйкес келетін тауар биржасының электрондық сауда жүйесінің болуы расталады:

қабылдау-тапсыру актісімен (қабылдау-тапсыру актісі көшірмесін қоса бере отырып);

пайдалануға беру туралы актімен (пайдалануға беру туралы актінің көшірмесін қоса бере отырып);

негізгі құралдардан үзінді көшірмені (үзінді көшірменің көшірмесін қоса бере отырып);

техникалық тапсырмамен (техникалық тапсырманы қоса бере отырып).

3. Меншікті интернет-ресурсының болуы (интернет-ресурсқа меншік құқығын куәландыратын растайтын құжаттармен қоса):

бірегей желілік мекенжайы және (немесе) домендік атауы _____

арнайы бөлімдердің болуы:

тауар биржасының аккредиттелген мүшелерінің тізбесі _____;

биржалық сауда-саттық нәтижелері _____

;

биржалық тауарлардың баға белгіленімі _____

_____;

4. Тауар биржалары саласында клирингтік қызметпен айналысу құқығына лицензиясы бар тауар биржасының клирингтік орталығымен шарттың болуы:

клиринг ұйымының атауы _____;

клиринг ұйымының бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____;

клиринг ұйымын тіркеу күні _____;

тауар биржасының клиринг орталығының қызметтерін пайдалану туралы шарт _____

_____;

5. Тауар биржасының жарғылық капиталының болуы:

акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту күні (акцияларды орналастырудың есепті кезеңін көрсете отырып) (акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті қоса бере отырып) _____;

тауар биржасы үшін жарғылық капиталдың мөлшері (тауар биржасының арнайы банктік шотынан үзінді көшірменің қоса берілген көшірмесімен расталады) _____

_____;

6. Тауар биржасы қызметкерлерінің білікті құрамының болуы:

1) бірінші басшыда:

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____;

жұмысқа қабылдау туралы бұйрық (бұйрықтың көшірмесін қоса бере отырып);

құрылтайшылардың тағайындау туралы шешімі (қатысушылардың жалпы жиналысының хаттамасы) (шешімнің көшірмесін қоса бере отырып) _____;

атқаратын лауазымы _____.

жоғары білімінің болуы:

жоғары оқу орнының атауы _____;

мамандық атауы _____;

біліктілік атауы _____;

диплом нөмірі _____;

диплом берілген күн _____;

дипломды тану/нострификациялау туралы куәліктің берілген күні мен нөмірі ("Болашақ" халықаралық стипендиясының иегерлерін қоспағанда, шетелдік білім беру мекемелері берген дипломдар үшін) _____.

тауар биржалары саласында және (немесе) қаржы ұйымдарында жұмыс өтілінің болуы (Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып);

жалпы жұмыс өтілі _____;

жұмыс орны _____;

жұмыс кезеңі _____;

лицензияның нөмірі және қолданылу кезеңі (қаржы қызметі және (немесе) тауар биржалары саласындағы қызмет бойынша) _____;

атқаратын лауазымдары _____;

2) басшы лауазымдарды атқармайтын тауар биржасының қызметкерлерінде, штаттық кестеге сәйкес:

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____;

жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың нөмірі мен күні _____;

атқаратын лауазымы _____.

жоғары және (немесе) орта білімнен кейінгі білімнің болуы:

жоғары және (немесе) орта білімнен кейінгі оқу орнының атауы _____;

мамандықтың атауы _____;

біліктілік атауы _____;

дипломның нөмірі (дипломның көшірмесімен қоса) _____;

диплом берілген күні _____;

дипломды тану/нострификациялау туралы куәлікті беру күні мен нөмірі ("Болашақ" халықаралық стипендиясының иегерлерін қоспағанда, шетелдік білім беру мекемелері берген дипломдар үшін) _____.

7. Тауар биржасының бекітілген (қабылданған) ішкі құжаттарының болуы, тізбесі:

1) биржалық тауарды сатуға (сатып алуға) өтінімнің нысаны мен мазмұны:

бекітілген нөмірі мен күні (өтінім нысанының көшірмесін қоса бере отырып) _____;

2) тұрақты жұмыс істейтін биржалық төрелік регламенті және төрешілер тізілімі: бекітілген нөмірі мен күні _____;

3) биржалық сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсету туралы үлгілік шарттың нысаны:

бекітілген нөмірі мен күні _____;

4) тауар биржасы көрсететін қызметтер үшін тарифтер:

бекітілген нөмірі мен күні _____;

5) биржалық тауарлардың кодтарын беру тәртібі;

бекітілген нөмірі мен күні _____;

6) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидалары мен оны жүзеге асыру бағдарламалары:

бекітілген нөмірі мен күні (қағидалардың көшірмесін қоса бере отырып) _____;

7) тауар биржасының клирингтік орталығының аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын талаптар:

бекітілген нөмірі мен күні (талаптардың көшірмесін қоса бере отырып) _____.

Тауар биржаларының,
брокерлердің және тауар
биржалары клирингтік
орталықтарының қызметіне
қойылатын біліктілік
талаптарын және оларға
сәйкестікті растайтын
құжаттардың тізбесіне
2-қосымша

Брокерлер қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны

1. Брокер қызметкерлерінің білікті құрамының болуы:

1) бірінші басшыда:

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____;

жұмысқа қабылдау туралы бұйрық (бұйрықтың көшірмесін қоса бере отырып);
кұрылтайшылардың тағайындау туралы шешімі (қатысушылардың жалпы
жиналысының хаттамасы) (шешімнің көшірмесін қоса бере отырып) _____
_____;

атқаратын лауазымы _____.

жоғары білімнің болуы:

жоғары оқу орнының атауы _____;

мамандықтың атауы _____;

біліктілік атауы _____;

диплом нөмірі _____;

диплом берілген күні _____;

дипломды тану/нострификациялау туралы куәлікті беру күні мен нөмірі ("Болашақ"
халықаралық стипендиясының иегерлерін қоспағанда, шетелдік білім беру мекемелері
берген дипломдар үшін) _____.

тауар биржалары саласында және (немесе) қаржы ұйымдарында жұмыс өтілінің
болуы (Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің
еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып);

жалпы жұмыс өтілі _____;

жұмыс орны _____;

жұмыс кезеңі _____;

лицензияның нөмірі және қолданылу кезеңі (қаржы қызметі және (немесе) тауар
биржалары саласындағы қызмет бойынша) _____;

атқаратын лауазымдары _____;

2) брокердің басшы лауазымдарды атқармайтын қызметкерлерінде,
штаттық кестеге сәйкес:

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____;

жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың нөмірі мен күні _____

_____;

атқаратын лауазымы _____.

жоғары және (немесе) орта білімнен кейінгі білімнің болуы:

жоғары және (немесе) орта білімнен кейінгі оқу орнының атауы _____;

мамандықтың атауы _____;

біліктілік атауы _____;

дипломның нөмірі (дипломның көшірмесімен қоса) _____;

диплом берілген күні _____;

дипломды тану/нострификациялау туралы куәлікті беру күні мен нөмірі ("Болашақ"
халықаралық стипендиясының иегерлерін қоспағанда, шетелдік білім беру мекемелері
берген дипломдар үшін) _____.

2. Брокердің бекітілген (қабылданған) ішкі құжаттарының болуы, тізбесі:

1) брокерлік қызмет көрсету туралы шарттың нысаны мен мазмұны:

бекітілген нөмірі мен күні (өтінім нысанының көшірмесін қоса бере отырып) _____

2) көрсетілетін қызметтер үшін тарифтер:

бекітілген нөмірі мен күні _____;

3) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі стандарт;

бекітілген нөмірі мен күні _____;

4) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидалары мен оны жүзеге асыру бағдарламалары:

бекітілген нөмірі мен күні (Қағидалардың көшірмесін қоса бере отырып) _____

Тауар биржаларының,
брокерлердің және тауар
биржалары клирингтік
орталықтарының қызметіне
қойылатын біліктілік
талаптарын және оларға
сәйкестікті растайтын
құжаттардың тізбесіне
3-қосымша

Тауар биржалары клирингтік орталықтарының қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 729 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12605 болып тіркелген) белгіленген клирингтік қызмет процесін автоматтандыруды қамтамасыз ететін және тауар биржасының клирингтік орталығының аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын талаптарға сәйкес келетін аппараттық-бағдарламалық кешені бар тауар биржасының клирингтік орталығының болуы, расталды:

қабылдау-тапсыру туралы актімен (қабылдау-тапсыру туралы актінің көшірмесін қоса бере отырып);

пайдалануға беру туралы актімен (пайдалануға беру туралы актінің көшірмесін қоса бере отырып);

негізгі құралдардан үзінді көшірме (үзінді көшірменің көшірмесімен бірге);

техникалық тапсырмамен (техникалық тапсырманы қоса бере отырып).

2. Тауар биржасының клирингтік орталығы қызметкерлерінің білікті құрамының болуы:

1) бірінші басшыда:

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____;

жұмысқа қабылдау туралы бұйрық (бұйрықтың көшірмесін қоса бере отырып);

құрылтайшылардың тағайындау туралы шешімі (қатысушылардың жалпы жиналысының хаттамасы) (шешімнің көшірмесін қоса бере отырып) _____

атқаратын лауазымы _____.

жоғары білімнің болуы:

жоғары оқу орнының атауы _____;

мамандықтың атауы _____;

біліктілік атауы _____;

диплом нөмірі _____;

диплом берілген күні _____;

дипломды тану/нострификациялау туралы куәлікті беру күні мен нөмірі ("Болашақ" халықаралық стипендиясының иегерлерін қоспағанда, шетелдік білім беру мекемелері берген дипломдар үшін) _____.

тауар биржалары саласында және (немесе) қаржы ұйымдарында жұмыс өтілінің болуы (Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып);

жалпы жұмыс өтілі _____;

жұмыс орны _____;

жұмыс кезеңі _____;

лицензияның нөмірі және қолданылу кезеңі (қаржы қызметі және (немесе) тауар биржалары саласындағы қызмет бойынша) _____;

атқаратын лауазымдары _____;

2) басшы лауазымдарды атқармайтын тауар биржасының клирингтік орталығының қызметкерлерінде,

штаттық кестеге сәйкес:

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____;

жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың нөмірі мен күні _____

атқаратын лауазымы _____.

жоғары және (немесе) орта білімнен кейінгі білімнің болуы:

жоғары және (немесе) орта білімнен кейінгі оқу орнының атауы _____;

мамандықтың атауы _____;

біліктілік атауы _____;

дипломның нөмірі (дипломның көшірмесімен қоса) _____;

диплом берілген күні _____;

дипломды тану/нострификациялау туралы куәлікті беру күні мен нөмірі ("Болашақ" халықаралық стипендиясының иегерлерін қоспағанда, шетелдік білім беру мекемелері берген дипломдар үшін) _____.

2. Тауар биржасының клирингтік орталығының бекітілген (қабылданған) ішкі құжаттарының болуы, тізбесі:

1) клирингтік қызметтер көрсету туралы шарттың нысаны мен мазмұны:

бекітілген нөмірі мен күні (өтінім нысанының көшірмесін қоса бере отырып) _____;

2) көрсетілетін қызметтер үшін тарифтер:

бекітілген нөмірі мен күні _____;

4) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидалары мен оны жүзеге асыру бағдарламалары:

бекітілген нөмірі мен күні (Қағидалардың көшірмесін қоса бере отырып) _____.

3. Өзінің интернет-ресурсының болуы (интернет-ресурсқа меншік құқығын куәландыратын растайтын құжаттарды қоса бере отырып):

бірегей желілік мекенжай және (немесе) домендік атау _____;

4. Биржалық сауда-саттықты өткізу және (немесе) екінші деңгейдегі банкпен немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен биржалық сауда-саттықта жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-қимыл тәртібі туралы шарттың болуы есеп айырысу ұйымымен жасалған шартпен (клирингтік қызмет көрсету туралы шарттың көшірмесін қоса бере отырып) расталады.

есеп айырысу ұйымының атауы _____;

есеп айырысу ұйымының бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____;

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция
министрінің міндетін атқарушы
2025 жылғы 20 наурыздағы
№ 116-НҚ Бұйрығына
қосымша

Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Кепілдік беру және сақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 251 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10994 болып тіркелген);

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу және "Тауар биржаларының күнделікті электрондық есептілік нысандарын, оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 140 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 10 тамыздағы № 10 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17312 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 1-тармағы.

3. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 3 қыркүйектегі № 30 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19343 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 1-тармағы.